



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

15.07.2016 ж.

Қостанай қаласы

№ 27

город Костанай

**Банкроттық басқарушысын
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 15- бабының 2) тармақшасына сәйкес, «Торгово-промышленная компания «Бастион» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (бұдан әрі - ЖШС) банкрот деп тану туралы 2015 жылғы 14 желтоқсандағы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі және 2016 жылғы 05 қаңтардағы «Торгово-промышленная компания «Бастион» ЖШС-ның кредиторлар жиналысының хаттамасының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Поварова Валентина Павловна «Торгово-промышленная компания «Бастион» ЖШС-ның (БСН 010340000785) банкроттық басқарушысы болып тағайындалсын.

2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарына сәйкес В.П. Повароваға банкроттық басқарушысының міндеттерін атқару жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы В.П. Поварова «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Департамент басшысының
міндетін атқарушы



С. Ахметов

004987